

Бекітемін:

№14 «Шолпан» балабақшасының
меңгерушісі  Ж.Ж.Кисигова

**2021-2022 оқу жылына арналған
педагог-психологтың
педагогтарымен жұмыс жоспары**

Педагог-психолог: Даменова Г.Р.

Айы	Педагогтар мен жұмыс	Мерзімі
Қыркүйек	«Ұжымдағы қарым-қатынас»	Тренинг
	Тәрбиешілердің тұлғалық қасиеттерін анықтау.	Тест сұрақтар
Қазан	Жас мамандарға арналған танысу тренингі	Тренинг
	Мейірімді болса жүрек, орындар тілек.	Тренинг
Қараша	Бала тәрбиесі – отбасы мен тәрбиеші қызметінің сабақтастығы	Кеңес
	"Менің шұғылалы әлемім"	Тренинг
Желтоқсан	Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Кеңес
	«Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы».	Семинар-тренинг
Қаңтар	Балалардың ойына арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Кеңес
	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мен ойлау қабілеттерінің дамуы.	Дөңгелек үстел
Ақпан	«Әлемдегі ең керемет жан»	Психогимнастикалық жаттығулар
	«Балабақшада бейнелеу өнері арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыру.	Кеңес
Наурыз	«Педагогикалық тәжірибе шығармашылықтың бастамасы» Жас мамандармен жұмыс	Тренинг - кеңес

	Жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар «Менің қолымнан келеді...»	Релаксациялық жаттығулар
Сәуір	«Мектепке даярлық топтарында тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру жолдары»	Кеңес
	Эмоциялық жағдайды түсінуге, қабылдауға байланыс орнатуға арналған тренинг	Тренинг
Мамыр	«Жұбымыз жарасқан әріптестерміз»	Тренинг, жаттығулары
	«Мектепке дейінгі балалардың интеллектуалдық көрсеткіштері»	Қортынды есеп беру.

№14 Шолпан бөбекжай-бақшасы

«Ұжымдағы қарым-қатынас»

Педагог-психолог: Г.Р.Даменова

2022-2023 оқу жылы

«Ұжымдағы қарым – қатынас» психологиялық тренинг

Максаты: мұғалімдерді өз – өзімен, өзіндік жеке ерекшеліктерімен таныстыру, қарым- қатынастарын нығайту, ұжымда жағымды атмосфера қалыптастыру.

Міндеттері: Топта жағымды психологиялық климат қалыптастыру; Педагогтардың коммуникативтік біліктілігін арттыру.

Қажетті құралдар: түрлі –түсті шарлар, стикер, жапон әліппесі.

Педагог-психолог: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Сіздермен бүгінгі тренингте тынығуға, ойнауға, өзімізді, бір-бірімізді жете тануға мүмкіндік болады. Сіздерді топтық жұмыс ережесімен таныстырып өтейін: — «казір және мұнда»; — шынайы болу; — жауапкершілік; — «тындап ал, содан кейін айт»; — белсенді болу. Олай болса, тренингімізді бастаймыз.

1.Сәлемдесу «Жапон әліппесі» жаттығуы

А – ка З – з П – но Ц – ми Б – зу

И – ки Р – ши Ч – кэ В – ру К – мэ

С – ари Ш,Щ – хи Г - жи Л – та Т – чи

Ь,Ъ,Ы – зук Д – тэ М – рин У – до

Э – мэй Е – ку Н – то Ф – лу Ю – фу

Ж – су О – мо Х – ри Я – на

Мұғалімдер осы әліппе арқылы өздерінің есімдерін жапон тілінде жазып, айтып шығуы керек. Мысалы: Бегайым деген жапон тілінде -Какизукрин, Айнур деген-Какитодоши.

2. Қыздыру жаттығуы «Өзін-өзі бағалау». **Максаты:** шаршағандықты басу, психологиялық және коммуникативтік жайлылықты жасау, әріптестеріне деген қызығушылығын ояту. **Тапсырма.** 1. Сіздің басым эмоциялық күйіңіз ұжымдастарыңмен жағымды қатынасқа түсуге көмектеседі деп ойласаңыз – шапалақтаңыз, 2. Егер сіз айналадан қандай дыбыстар шықса да, тек жақсы сөздерді еститін болсаңыз – көршіңізге күлімсіреңіз; 3. Егер сіз әр адамның жеке өзіндік эмоциясын білдіру стилі болатынына сенімді болсаңыз – мұрныңыздың ұшына қол тигізіңіз; 4. Егер сіз дүкенде сатушы күлімсіремеді деп, ұсынылған киімді киіп көруден бас тартсаңыз – басыңызды шайқаныз; 5. Адамдармен келіспеушілік болған жағдайда, сіз дауласудан бас тарта алмасаңыз – аяқпен тарсылдатыңыз; 6. Егер сіз ашуыңызды жұдырықпен ұрып білдіретін болсаңыз -өзіңізді құшақтаңыз; 7. Егер сіз таныстарыңызды

өзіне әрекетпен таңғалдыратын болсаңыз - қолыңызды бұлаңыз; 8. Егер сіз кейде өзіңізге тиесілі жақсының барлығын кейде ала алмайтын болсаңыз - ауыңызды қолыңызбен басыңыз; 9. Егер сіздің басыңыздан өткерін жатқан теріс эмоциялар тек жағымсыз әсер көрсететін болса - басыңызды изеңіз; 10. Оқушыларыңыздың эмоциясы сіздің эмоцияңызға байланысына сенімді болсаңыз - «иә» деп айтыңыз.

3. «Ашулы шарлар» Шарты: 9 қатысушы ортаға шығып, бір - бір шарды үрлеп, ұстап тұрады;

3 қатысушыға шарды байлау сұралады. Қатысушыларға түсіндіру керек. Шарлар адамның денесін бейнелейтінін, ал оның ішіндегі ауа - алам сезімі. Қатысушылар қолдарындағы шарды аяқтарымен жаруы керек. - Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңыздар? Ашуды осылай шығару дұрыс жол ма? Ондай ашудан кейін қандай сезімде боласыздар? - Бұлай қатты жарылған шар агрессияны білдіреді. Ол қауіпті. 3 қатысушылар келесі шарларды үрлейді, оны байламай ұстап тұрады. Бұл шарлар ашу толы сезімді білдіреді, ал енді жайлап қана жарты ауасын шығарайық. Шар кішірейді. Бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуымызды бақылап шығарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді. - Енді қалған 3 қатысушы шардағы ауаны толығымен сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз ашудың қауіпсіз жолын табу - ол әр адамның өз қолында екендігін тұжырымдау.

Қортынды: әріптестер адам сезімін, эмоциясын бақылай білу әркімнің өз қолында, тез ашуға, эмоцияға бой алдырмайық! Мен сіздердің барлығыңызға қатыскандарыңыз үшін ризамын, үлкен рахмет айтамын!

4. Әдістеме: «Менің мінезім» Мақсаты: Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі. Әр бөлікке төмендегі жануар, аң, құс аттарын жазып шығады. Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Маймыл, Қоян, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық. Соңында 1. Үйде, 2. Жұмыста, 3. Жолдастарының арасында, 4. Өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады.

Жауабы: 1. Түйе- шыдамды 2. Жылқы- тектілік 3. Сиыр- өкпелегіш 4. Қой- жайдарлылық 5. Ешкі- ұйымдастырушылық 6. Ит- адалдық 7. Мысық- биөрісі басым адамдар 8. Тауық- шығармашыл 9. Қаз- тазалық 10. Аққу- сезімтал 11. Қарлығаш- бауырмал 12. Үйрек- ұқыптылық 13. Бұлбұл- әнді жақсы көретін 14. Арыстан- қайратты 15. Қасқыр- жігерлі 16. Түлкі- бейімделгіш 17. Маймыл- әртістік қабілеті бар 18. Қоян- елгезек 19. Тауешкі- талғамы жоғары 20. Тасбақа- мейірімді 21. Жылан- салқынқанды 22. Балық- еркіндікті қалайды Талдау: жаттығудан алған әсеріңіз? Өзіңізді теңеу қиын болды ма?

«Лимон және марғау» эмоциялық қысымды босансытуға арналған жаттығу

Басқарушы: көз алдарына елестетіндер, он қолымызға лимонды ұстап, оның шырыны шыққандай қатты сығуға тырысамыз. Жұдырығымызды түйіп қатты-қатты қысамыз. Шырынды шығардық! Ал енді бәріміз мысықтың баласы марғау сияқты боламыз, олар енді ғана ояңды және керіліп жатыр. Жаксылап керіліп-созылды! Қолымызды жоғары көтеріп, оңға, солға, жоғары қарай тартыламыз, мойнымызды бұрып, аркамызды созамыз!

«Күн шуағы» жаттығуы
Максаты: позитивті көңіл-күй орнату. Барысы: әрбір қатысушының алдын ала дайындалған күннің бейнесі дайындалған. Күннің ішіне және сәулесіне қатысушылар бір біріне өз тілектерін жазады.

«Ұжымдағы қарым-қатынас»

Педагог-психолог: Г.Р. Даменова

2021-2022 оқу жылы

№14 «Шолпан» балабакшасы

«Әлемдегі ең керемет жан»

Педагог-психолог: Г.Р.Даменова

2021-2022 оқу жылы

«Әлемдегі ең керемет жан»

Мақсаты: Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл - күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту.

Қатысушылар: тәрбиешілер.

Жұмыс түрі: топтық жұмыс.

Көрнекілігі: такта, ұнтаспа

Барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Біздің барлығымыз да үнемі табыс биігінен көрініп керемет болғымыз келеді. Ал енді «керемет» дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы керемет сөзін педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз «Керемет» сөзіне ұқсас бір - бір сөзден айтып көрейік: идеал, үлгілі, өте жақсы, тамаша т. б.

Жүргізуші: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «керемет» сөзіне анықтама бар: бұл «үздік, өте жақсы, ғажайып, тамаша» деген мағынаны береді. Енді осы өте жақсы қасиеттерді өз бойымыздан іздеп көрейік, керемет болмаса да бойымызда таң қаларлық, елді елең еткізерлік мінез болуы мүмкін.

Жұмысымызды бастамас бұрын танысып алайық.

Шаттық шеңбері: «Таныс болайық»

Танысу ережесі: Қатысушылар шеңбер бойымен тұрады. Сағат тілі бойымен әрқайсысы өз есімін атап, есімі жайлы, есіміне сәйкес мінез - құлқы жайлы қысқаша айтып өтеді. Әркімнің танысуы бір - біріне ұқсамауы тиіс. (Мыс. Таныс болайық: менің есімім Айсұлу (болар - болмас басымды иемін (екінші бірі - иіледі) т. б.)

«Көңілді музыка» ойыны

Мақсаты: бойдағы шаршаудан, стресстен арылу.

Шарты: шеңбер бойымен тұрып, бір - бірінің иықтарына қолдарын қояды.

Музыканың ырғағымен шеңберді айнала отырып бітеп, иыққа ақырын саусақ қимылдарымен массаж жасайды. Ойын кері қайталанып отырады.

Жүргізуші: Рахмет, бұл біздің сергіту жаттығуымыз болатын. Тренингіміздің мақсатына өтеміз. Бірінші бөлімде біз «керемет» сөзінің мағынасын айқындауға тырыстық.

Жүргізуші: Ал енді біздер кереметті кейінгілерімізге өмір, тәжірибеміз, маған педагог болуға тырысыңыз. Бастауыш сыныптан ы және жоғары сыныптан ы педагогтарымыздың өздерімізге түскен жақсы қасиеттерін

тән жақсы сапалар: әділ, кәсіби шебер, мейірімді, жаңашыл т. б. біздің

Релаксация: (Баяу музыка әуені ойналады.) Көзімізді жұмамыз. Денемізді бос ұстаймыз. Сіздер озып жатқан кезде ауырлықтар, ауырлықтар, ауырлықтар құлағыңызға жағып, күн шуағы дененізді жылытады. Жалаң аяқ құмның үстінде жүрсіздер, құм аяқтарыңызды жүйсігіңіз береді. Осы денелеріңізді жөңілдетіп өзіңізді жақсы сезінудесіз. Өте жақсы дем алдық. Қандай ғажап табиғат деген, таза ауа, жарық күн, жылы су, табиғат деген қандай тамаша!

Кең дем аламыз, ақырын демімізді шығарамыз. Біздің басымыз артық
көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, байсалды, білімді, керемет
жандармыз!

Енді ақырын - ақырын көзімізді ашамыз. Бір - бірімізге қуанышты сезіммен
қараймыз. Біз қандай бақыттымыз!, Қандай кереметпіз!

Біздің кездесуіміз аяқталып келе жатқан секілді. Бүгінгі жұмысымыздың
нәтижесіне орала отырып, нағыз «керемет» педагогтардың мықты жақтарын
еске түсіре отырып бір - бірімізге комплимент айтайық.

«Комплимент» ойыны

Максаты: қатысушылардың тіл табыса алуын, бір - бірін толық тануын
дамыту.

Қатысушылар шеңбер бойымен тұрып кезекпен кез - келген жағымды
комплимент айтады (Біздің тақырыпта мыс. «ете жанашыл», «нағыз керемет
педагог» т. б.), ал қалғандары ол комплименттің кімге арналғанын табады.
Комплимент иесі ойынды ары қарай жалғастырады. Барлығы жағымды
комплимент алмайынша ойын жалғаса береді.

Жүргізуші: Біздің сіздермен кездесуіміз аяқталды. Егер тақырыбымызға
келетін болсақ, «керемет» деген түсінік бір нәрсенің біткенін, аяқталғанын
білдіреді (Мыс. керемет үй екен т. б.) Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз
ордамын көзделетеміз. Көздеген мақсатымызға жеткенде біздің
алдымыздан тағы да өзге жаңалықтар ашылады, қазіргі дәуірде, яғни 21 -
ғасырда жаңалықтың шегі жоқ. Олай болса жанашыл 21 - ғасырдың Керемет
педагогтары бола берейік!

Мен сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін!